



Бекітемін: М.Т. Бимагамбетова
Талдысай ЖОББМ директоры
у.м.а



Келісіді: С.Б. Биртаева
Әйтеке би аудандық білім бөлімінің
басшысы

Тақырыбы:
«Алаш тағылымы»
(Элективті курс)

Сыныбы: 11 «а»
Орындады: А.М.Алиева
тарих пәнінің мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды: Л.К. Сырмаханова
(Ә/Б жетекшісі)

№1 хаттама «16» күні 08 айы 2025 ж

Тексерілді: М.Т. Бимагамбетова
оқу- ісінің орынбасары

2025– 2026 оқу жылы

Алаш тағылымы

11-сынып оқушыларына арналған

(аптасына – 1 сағат, барлығы– 34 сағат)

А.М.Алиева

тарих пәні мұғалімі

Түсініктеме хат

Ел тәуелсіздігі жарияланған сәттен бастап өткен тарихымызға тереңірек үңіліп, бұрын қабық тақырып саналып келген елеулі есімдерді зерттеуге мүмкіндік туды. Өткен ғасырдың басында ұлты үшін мұз төсеніп, қар жамылған тұлғалардың өмір жолын, олардың қоғамдық-саяси қызметін зерделеу оларға деген құрмет сезімін қалыптастырады сөзсіз. Қазақстан тарихы пәнін оқытуда тұлғалардың қазақ қоғамына сіңірген еңбегіне баға беру, оқушылардың туған ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыра түседі.

«Алаш тағылымы» курсының негізгі мақсаты: оқушыларды Алаш қайраткерлері туралы мәліметтермен жалпылама таныстыру. Қазақ интеллигенциясы туралы кеңінен мәлімет беру. Әр кезеңге қатысты олардың көзқарастары мен ой-пікірлерін, ұстанымдары мен өнегелі сөздерін ұсыну, сол арқылы қазақ азаматтарының ұлттық мінезі мен қасиетін танытуға

11-сынып оқушыларына арналған «Алаш тағылымы» бағдарламасы – тарихты тұлғалар арқылы тануға баулудың тиімді жолдары арқылы олардың бойында адамгершілік, сүйіспеншілік, адалдық сезімдерін арттыра түсетін тиімді бағдарлама. Бағдарламаны құрастыруда оқушылардың жас ерекшелігіне сай меңгеруге тиіс материалдар, әр сыныптың оқу бағдарламасында оқытылуға тиіс шығармалар, отандық телеарналарда жарыққа шыққан деректі фильмдер жинақталып, жүйеленіп берілді.

«Алаш тағылым» курсының негізгі міндеттері: өткен ғасырдың басында қазақ ұлтына қызмет еткен қайраткерлердің қызмет жолынан үлгі алу, олардың көзқарастарынан өзіндік қорытынды шығару басты назарға алынды. Сондай-ақ, бағдарламада сөйлесудің формалары: әңгімелеу, сөйлеу және баяндау, пікір алмасу т.б. толық қамтылған.

Бағдарлама - мектеп қабырғасында жекелеген кезеңді сапалы оқытуға, ұлтқа қызмет етудің өзіндік үлгісін қалыптастыруға, отаншылдық сезімін арттыруға ықпал ететін қажетті құрал.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлім

11 - сыныпқа арналған «Алаш тағылымы» бағдарламасы

(аптасына – 1 сағат, барлығы – 34 сағат)

Кіріспе сабақ – 1 сағат

Алаш қозғалысының қалыптасуы. Алаш қозғалысының мәні мен маңызы.

Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу үдерісі – 2 сағат

XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауым өкілдерінің қалыптасуы. Қазақ зиялыларының 1916 жылғы көтеріліске қатысты көзқарасы.

Алаш ккшбасшысы – Ә. Бөкейханов – 2 сағат

Алаш партиясын құру жолындағы Ә. Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметі.

Ақпан төңкерісі жылдарындағы қазақ интеллигенциясының ұстанымы – 2 сағат.

Ақпан төңкерісінің қазақ қоғамына әсері. Алаш қозғалысының қайта жандануы.

«Алаш» партиясының құрылуы – 2 сағат

Тұңғыш жалпықазақ съезінің шақырылуы. Қазақ автономиясын құрудың алғышарттары.

«Алаш» партиясының бағдарламасы мен бөлімдері – 2 сағат.

Бағдарламада көрініс тапқан мәселелер. Бағдарламаның жобасын дайындауға қатысқан қазақ зиялылары.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін орын алған өзгерістер – 1 сағат.

«Алаш» қайраткерлерінің Қазан төңкерісіне көзқарасы.

«Қазақ» газеті – Алаштың ұлттық мінбері – 2 сағат.

«Қазақ» газетінің бастауында тұрған қазақ оқығандары. «Қазақ» газетінде қамтылған тақырыптар мен мәселелер.

«Алашорда» үкіметінің құрылуы – 2 сағат.

Екінші жалпықазақ съезінің тарихи маңыздылығы. Күн тәртібіндегі басты мәселелер.

Күнбатыс Алашорда төрағасы – Ж. Досмұхамедов – 1 сағат.

Алашорданың Батыс бөлімшесінің құрылуы. Батыс бөлімшені құрудың қажеттілігі.

Азамат соғысы: Ақтар мен Алашорданың байланысы – 1 сағат.

Азамат соғысы кезінде Ақ гвардияшылар мен Алашордалықтардың байланыс орнату себебі.

Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметі – 1 сағат.

Білім саласындағы ілкімді ізденістер. Алаш қайраткерлерінің ұлт, елдік, жұртқа қызмет ету турасындағы нақыл сөздері.

Қазақ АКСР-інің шекарасын бүтіндеу: дәйек пен дәлел – 1 сағат.

Қазақ жерлерін біріктірудегі Алаш қайраткерлерінің еңбегі.

Алаш алыптарының әдеби мұрасы – 3 сағат.

Алаш қайраткерлерінің шығармашылық қызметі. «Алаш» тақырыбында жарық көрген ғылыми-әдеби туындыларға шолу.

Алаш ардақтысы – А. Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси қызметі – 1 сағат. Ғалым һәм қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық қызметінің мәні.

Алаш қайраткерлерін қудалау шаралары – 3 сағат.

Жаппай қуғын-сүргін саясаты. Саяси қуғын-сүргіннің зардаптары. 31-мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні.

АЛЖИР-де азап шеккен асыл аналар – 2 сағат.

Темір торға тоғытылған тағдырлар.

Қайта оралған есімдер – 2 сағат. Алаш қайраткерлерін ақтау шаралары. XX ғасырдың 80-жылдарының соңында ақталған қазақтың «Бес арысы».

Азаттықтың ақ таңы – 2 сағат. Алаш аманаты орындалған күн. Алаш ардақтыларының есімі өскелең ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Қорытынды сабақ – 1 сағат. Әдеби сахналандырылған кеш ұйымдастыру.

Ақпараттық-әдістемелік бөлім:

11 - сыныпқа арналған «Алаш тағылымы» бағдарламасы түсінік хатта көрсетілген мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Бағдарламадағы тарауларға орай тақырыптар Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметін кең көлемде білуге, курсты толық меңгеруге көмектеседі. Алаш арыстары туралы таным-көкжиектерін кеңейту үшін арнайы тапсырмалар, деректі фильмдер, зерттеу жұмыстары ұсынылды. Тапсырмалар берудегі мақсат:

- Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметіне қызығушылықтарын бақылау;
- Алаш қайраткерлерінің қазақ қоғамына сіңірген еңбегінен үлгі алу және олардың саяси қызметтеріне баға беру.
- Бағалауда төмендегідей ерекшеліктерге баса назар аударған жөн:
- оқушының тапсырманы түсіне отырып, пікірімен бөлісуі;
- көпшілік ортада өз ойын еркін жеткізе білуі;
- тиісті мәліметте толық әрі жан-жақты игергендігін танытуы;
- ғылыми сайыстар мен байқауларға қатысуы;
- шығармашылық, ізденіс жұмыстарымен айналысуы.

Нормативті бөлім

(11 – сынып, аптасына – 1 сағат, барлығы – 34 сағат)

Тақырыптың аты		Сағат саны			Өткізу түрі	Білім өнімі	Уақыты
		Барлығы	Лекция	Практика			
2	Оқу мақсаттары	3	4	5	6	7	
I жарты жылдық							
Кіріспе сабақ. Алаш қозғалысының қалыптасуы.	Алаш қозғалысының қалыптасу тарихын оқыту; Ұлт тарихындағы Алаш қозғалысының мәні мен маңызын түсіну;	1	1		лекция	Алаш қозғалысы жайлы мәлімет алады және оны игерудің мәні мен маңыздылығы жайлы түсінік қалыптастырады.	05.09
Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу үдерісі. XX ғасыр басындағы қазақ зиялы зауым өкілдерінің қалыптасуы. Қазақ зиялыларының 1916 жылғы көтеріліске қатысты көзқарасы.	1916 жылғы көтеріліске қатысты қазақ оқығандарының көзқарасын білу; Қазақ зиялыларының ой-пікірлерінен қорытынды шығару.	2		2	Баяндау	Зиялылардың көзқарастарымен танысады, қайраткерлердің пікірлерінің маңыздылығын түсінеді.	12.09 19.09
Алаш көшбасшысы – Ә. Бөкейханов. Алаш партиясын құру жолындағы Ә. Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметі.	Ә. Бөкейхановтың қызмет жолымен танысу, өнегелі өмір жолынан үлгі алу.	2		2	Мазмұндау	Ә. Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметінен үлгі алады.	26.09 03.10

Ақпан төңкерісі жылдарындағы қазақ интеллигенциясының ұстанымы. Ақпан төңкерісінің қазақ қоғамына әсері. Алаш қозғалысының қайта жандануы.	Ақпан төңкерісіне қатысты зиялылардың пікірімен танысу, Ақпан төңкерісінен кейінгі зиялылардың қызметіне баға беру.	2		2	Әңгімеле су, баяндау	Ақпан төңкерісі туралы зиялылардың пікірлерінен өзіндік қорытынды шығаруға дағдыланады.	10.10. 19.10
«Алаш» партиясының құрылуы. Тұңғыш жалпықазақ съезінің шақырылуы. Қазақ автономиясын құрудың алғышарттары.	«Алаш» партиясының құрылу тарихын білу, Қазақ автономиясының құрылуна қатысты деректермен танысу.	2		2	Мазмұндау	Қазақ съездерінің бір-бірінен айырмашылығын ажыратуды үйренеді.	24.10 07.11
«Алаш» партиясының бағдарламасы мен бөлімдері. Бағдарламада көрініс тапқан мәселелер. Бағдарламаның жобасын дайындауға қатысқан қазақ зиялылары.	«Алаш» партиясы бағдарламасының мәні мен маңызын түсіну, зиялылардың еңбегінен өзіндік ой түйю.	2		2	Зерттеу жұмыстары,	«Алаш» бағдарламасында қамтылған маңызды мәселелердің маңыздылығына тоқталады.	14.11 21.11
1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін орын алған өзгерістер. «Алаш» қайраткерлерінің Қазан төңкерісіне көзқарасы.	1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қазақ даласында қалыптасқан ахуалмен танысу.	1		1	Әңгімеле су, баяндау	«Алаш» қайраткерлерінің көзқарастарынан кемел қорытынды шығаруға дағдыланады.	28.11
«Қазақ» газеті – Алаштың ұлттық	«Қазақ» газеті қызметіне	2		2	Деректі фильм	«Қазақ» газетінің қазақ	05.12

мінбері. «Қазақ» газетінің бастауында тұрған қазақ оқығандары. «Қазақ» газетінде қамтылған тақырыптар мен мәселелер.	тоқтала отырып, өткен ғасырдың басындағы газеттің қазақ қоғамы үшін маңыздылығын түсіну.				көрсету	қоғамы үшін қаншалықты маңызы барын сезінеді.	12.12
«Алашорда» үкіметінің құрылуы. Екінші жалпықазақ съезінің тарихи маңыздылығы. Күн тәртібіндегі басты мәселелер.	Қазақ съездерінде қамтылған мәселелердің тарихи маңыздығын кең көлемде түсіну.	2		2	Баяндау, сұхбат	Жалпықазақ съездерінің ерекшеліктерін талдайтын болады.	12.12 26.12
Күнбатыс Алашорда төрағасы – Ж. Досмұхамедов. Алашорданың Батыс бөлімшесінің құрылуы. Батыс бөлімшені құрудың қажеттілігі.	Тұлғаның өмір тарихына үнілу арқылы оның тұлғалық рөлін айқындау.	1		1	Зерттеу жұмыстары	Тұлғаның қызметін кеңірек таныс болады.	09.01
Азамат соғысы: Ақтар мен Алашорданың байланысы. Азамат соғысы кезінде Ақ гвардияшылар мен Алашордалықтардың байланыс орнату себебі.	Алаш пен Ақ гвардияшылардың түпкі ойын түсіну.	1		1	Әңгімелеу, баяндау	Азамат соғысы жылдарындағы Алаш қайраткерлерінің түпкі мақсатымен танысады.	16.01
Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметі. Білім саласындағы ілкімді ізденістер. Алаш	Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметімен танысу, нақыл сөздерінен қорытынды	2		2	Сұрақ-жауап, ақпаратпен бөлісу	Алаш қайраткерлерінің нақыл сөздерін санасына сіңіреді.	23.01 30.01

қайраткерлерінің ұлт, елдік, жұртқа қызмет ету турасындағы нақыл сөздері.	шығару.						
Қазақ АКСР-інің шекарасын бүтіндеу: дәйек пен дәлел. Қазақ жерлерін біріктірудегі Алаш қайраткерлерінің еңбегі.	Қазақ АКСР-нің шекарасын белгілеудің тарихи маңыздылығын түсіну	1		1	Картамен жұмыс, баяндау	Қазақ АКСР-інің шекарасын межелеуге дағдыланады.	06.02
Алаш алыптарының әдеби мұрасы. Алаш қайраткерлерінің шығармашылық қызметі. «Алаш» тақырыбында жарық көрген ғылыми-әдеби жұмындарға қолу.	«Алаш» мұрасымен танысу және ғылыми еңбектерді саралау.	3		3	Мазмұнд ау	Алаш қайраткерлерінің бай мұрасын игереді.	13.02 20.02 27.02
Алаш ардақтысы – А. Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси қызметі. Ғалым өмір қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың жаратушылық қызметінің мәні.	А. Байтұрсыновтың қызмет жолымен танысу, өнегелі өмір жолынан үлгі алу.	1		1	Зерттеу жұмыста ры	Тұлғаның қоғамдық-саяси қызметінен үлгі алады.	06.03
Алаш қайраткерлерін жаңалау шаралары. Саппай қуғын- сүргін саясаты. Саяси қуғын- сүргіннің жаңа жаңалықтары. 31-	Ұлт тарихындағы елеулі күннің маңыздылығына түсінуге баса назар аудару	3		3	Деректі фильм көрсету	Ұлт тарихындағы осы бір кезеңнің мән-маңызын жете түсінеді.	13.03 03.04 10.04.

мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні.							
АЛЖИР-де азап шеккен асыл аналар. Темір торға тоғытылған тағдырлар.	Қиын да, күрделі кезеңнен қорытынды шығаруға ықпал ету	2		2	Баяндасу, әңгімелес у	Зиялылардың жарларының қиын тағдырымен танысады.	17.04 24.04
Қайта оралған есімдер. Алаш қайраткерлерін ақтау шаралары. XX ғасырдың 80- жылдарының соңында ақталған қазақтың «Бес арысы».	Ұлт тарихындағы жарқын тұлғалармен таныстыру	2		2	Мазмұнд ау	Ақталған Алаш азаматтарының есімдерімен таныады	08.05(95)
Азаттықтың ақ таңы. Алаш аманаты орындалған күн. Алаш ардақтыларының есімі өскелең ұрпақ жадында мәңгі сақталады.	«Алаш аманаты» тақырыбындағы балалардың ой- пікірлеріне баса назар аудару	1		1	Зерттеу жұмыста ры	Теория мен практиканы ұштастырады.	15.05
Қорытынды сабақ. «Алаш аманаты» тақырыбында әдеби сахналандырылған кеш ұйымдастыру.	Әдеби сахналандырыл- ған кешке дайындау	1		1	Жинақта у, қорыту	Білімдерін жинақтап, қорытындылайд ы.	22.05.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 5 томдық. III том. – Астана. 2007. -347 бет.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Санат. 1995. -326 бет.
3. Тәж-Мұрат М. Батыс Алашорда. – Ақтөбе: А-Полиграфия ЖШС 2003. – 78 бет
4. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары // (1960-1930 жылдары) – Алматы: Қазмамбас, 1964 ж. 47 бет.
5. Мырзахметов М. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі туралы. - Кітапта: Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, Сана, 1991. - 80 б.
6. Базарбаев М. Аққұлұлы С. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Тандамалы (Избранные). - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. - 477 б.
7. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Санат. 1995. -326 бет.
8. Мажитов Р. Жаханша Досмұхамедов. – Алматы: Арыс. 2007. -216 бет.